

## Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 22 қазандағы N 241 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 15 қарашада N 1603 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 наурыздағы N 45 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы 31 бабы 1) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңы 7 бабы 5-2) тармақшасына сәйкес мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау кезінде бірегей жағдайлар белгілеу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталаудың қоса берілген Ережесі (бұдан әрі -Ереже) бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Ережені іске асыру жөніндегі ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етсін.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 239 қаулысымен.*

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдіктері аталған Ережені іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М. К. Мырзалинға жүктелсін.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 239 қаулысымен.*

### *Облыс әкімі*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2005 жылғы 22 қазандағы  
N 241 қаулысымен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысында  
мүгедектер үшін жұмыс орындарын  
квоталау ережесі**

Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталаудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Халықты жұмыспен қамту туралы

" және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу тәртібін айқындайды және әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж мүгедектерді жұмыспен қамту кепілдіктерін бекітеді.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мынадай:

1) мүгедек- тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам ;

2) жұмыс беруші- қызметкер онымен еңбек қатынастарында тұрған заңды немесе жеке тұлға ;

3) жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган - жергілікті атқарушы органдардың жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелері ;

2. Мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдем көрсету және жұмысқа қабылдау мақсатында жұмыс берушілерде жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленеді.

## **2. Квоталау жағдайлары мен тәртібі**

3. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін жұмыс берушілерді айқындау жөніндегі ұсыныстарды жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар өңірдегі жұмыс күшіне сұраныспен ұсынысты талдау, болжау негізінде әзірлейді.

4. Жергілікті атқарушы органдар жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органдар ұсынған ұсыныстар негізінде квота белгіленетін жұмыс берушілер тізбесін тиісті қаулылармен бекітеді. Осындай тізбеге жыл сайын түзетулер енгізіледі.

5. Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін жұмыс берушілерді айқындау кезінде жұмыс орындарының жалпы саны, қысқартылған жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс ұйымдастыру мүмкіндігі, сондай-ақ жұмыс берушінің қызмет түрі, жұмыс жағдайлары мен қаржы мүмкіндіктері ескеріледі.

6. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар тізбе бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның бекітілгені туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді.

7. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін қажетті жұмыс орындарын бөледі.

8. Мүгедектерді жұмыс орындарына квота бойынша жұмысқа орналастыру

жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша жүргізіледі.

### **3. Жұмыс берушілердің мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге қатысуы**

9. Жұмыс берушілер жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органдар жіберген мүгедектерді жұмысқа белгіленген квотаға сәйкес қабылдайды, еңбек заңнамасына сәйкес олармен еңбек шарттарын жасасады.

*Ескерту: 9-тармақ өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 239 қаулысы*

10. Жұмыс берушілер жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органға мынадай ақпаратты ұсынады:

белгіленген квота шеңберінде бөлінген, босатылатын жұмыс орындары туралы;

квота есебінен бөлінген жұмыс орындарының толықтырылуы жөніндегі.

### **4. Квоталаудың сақталуын бақылау**

11. Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау жөніндегі жұмысты үйлестіруді іске асыру үшін жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органдар квоталанатын жұмыс орындарын толтыру туралы мәліметтерді есеп беруден кейінгі кейінгі келесі айдың бірінші күні ай сайын Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсынады.

*Ескерту: 11-тармақ өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 239 қаулысы*

12. Квота есебіне бөлінген жұмыс орындарының толықтырылу мониторингіні жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.

13. Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталаудың орындалуын қадағалау заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады.